

Ақтөбе қаласының құрылған аудандарына атау беру туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 166 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 281 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 сәуірде № 5908 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 10 сәуірдегі қорытындысына, Ақтөбе қалалық мәслихатының тұрақты комиссиясының өткізілген көпшілік тыңдауының хаттамасына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақтөбе қаласының құрылған аудандарына келесі атаулар берілсін:
№ 1 ауданға - "Астана" және № 2 ауданға - "Алматы".
2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ж. Нұрғалиевке жүктелсін.
3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. САПАРБАЕВ

Облыстық мәслихаттың хатшысы

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

*Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы*

А. ОРАЛМАҒАНБЕТОВ